«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

НЕКОМЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «АРКАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

17.03.2026ж. | № 27

Аркалық қаласы | город Аркалык

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы

ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 16 бабы 3-тармағы 28-тармақшасына сәйкес егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылады.
2. Мемлекеттік сатып алу туралы 2026 жылға арналған жылдық жоспарының негізінде AiTim Group жеке кәсіпкерінен кәсіптік бағдар беру іс-шарасы қызметін сатып алу үшін келісім шарт жасалсын.

Басқарма Төрағасы-Ректор **Т.Е. Ещжанов**

000259

AiTiM GROUP

ЖСН 900223401500
Банк: АО "Kaspi Bank" БИК: CASPKZKA
Шот номері: KZ87225000034753925
Адрес: Г.Астана, ул Сыганак 6, офис 315

Дүйсенбаевқа
Нұрсұлтан Бешімов
қарастыру үшін
білім беру 2026 ж.

Қазақстан Республикасының
Жоғары оқу орындарына

2026 жылғы **25–26 наурыз** күндері Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, «Отандастар қоры» КеАҚ және Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы әкімдігінің қолдауымен **«Қазақстандық білім күндері»** атты іс-шараны *(2 күн)* өткізу жоспарланып отырғанын хабарлаймыз.

Аталған іс-шара барысында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын таныстыру, сондай-ақ 11–12 сынып оқушылары қатысушыларына кәсіптік бағдар беру және Қазақстандағы білім беру мүмкіндіктерін кеңінен насихаттау көзделіп отыр.

Бұл бастама қандастарға бөлінетін квоталық гранттарды тиімді игеруге, отандық жоғары оқу орындарының білім беру бағыттарын көрмеге ұсынуға, жоғары оқу орындарының өздерінің білім беру бағдарламаларын тікелей таныстыруына, сондай-ақ халықаралық академиялық әріптестікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, аталған іс-шараны тиісті деңгейде ұйымдастыру максатында ұйымдастырушылық және логистикалық қолдау көрсету бойынша **бағалық ұсынысымызды** ұсынамыз.

Іс-шарға қатысуға қызығушылық таныткан жағдайда, **2026 жылғы 16 наурызға дейін** қатысу ниеттеріңізді білдірулеріңізді сұраймыз.

Қызметтердің жалпы құны:
800 000 (сегіз жүз мың) теңге.

Қызмет құнына төмендегі қызметтер кіреді (2 адамға):

- катысушыларды қарсы алу және шығарып салу (трансфер);
- іс-шара өтетін орындарға дейінгі тасымалдау қызметі, жол жүру барысында ауыз сумен камтамасыз ету әр адамға 1 литр судан *(Астана-Баян-Өлгий-Астана)*;
- конакүйде орналастыру (таңғы ас);
- іс-шараны ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстары.

Ұсынылған бағалық ұсыныс көрсетілген қызметтер кешенін толық камтиды және іс-шараны жоғары деңгейде өткізуге бағытталған.

Кажет болған жағдайда Мемлекеттік үлесі бар жоғары оқу орындарына Мемлекеттік сатып алу Заңының 16 бабының, 3 тармағының 28 тармақшасына сәйкес goszakup.gov.kz арқылы келісімшартка отыру мүмкіндігі қарастырылған.

Қосымша ақпарат немесе нақтылау қажет болған жағдайда **8-778-596-66-14 Айнұр Ерікқызына** хабарласуыңызды сұраймыз.

Қосымша: Отандастар Қорының рұқсат келісім хатының көшірмесі

Құрметпен,

AiTim Group директоры А.Жарахметова

zharakhmetova@mail.ru • 7 778 596 66 14

«Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Кіріс № 04-06
«6» 03 20 г.